

**8D01502 – «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Нуризинова
Макпал Манарбековнаның «Пәндердің кәсіби циклінде трибология
саласындағы болашақ физика мұғалімін дайындау» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Қазіргі уақытта болып жатқан қарқынды өзгерістер, жаһандану, демографиялық өзгерістер, орнықты даму, тыныштық пен қауіпсіздік, технологиялар әлемдік білім беру жүйесін заман талабына сай қайта қарау қажеттігін паш етті. Білім беру саласында жасалынған бүкіләлемдік бітімнің мәні білім алушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігімен айқындалады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жүргізген инновациялық ортаның салыстырмалы талдауының қорытындысы бойынша, мұғалімдерде көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді қолдану мүмкіндіктері, нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігі туралы білімнің болуын талап етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер білім алушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын даралау, бойындағы метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән беріп, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары қажет.

Қоғамның сұранысына сай осы талаптарды орындай алатын болашақ мұғалімдерді даярлау өзекті іс болып отыр. Қазіргі өмір үшін трибология саласының маңыздылығына ерекше тоқталуға болады. Трибология академиялық ортада, сондай-ақ техникалық, классикалық университеттерде өте танымал болды, бұл осы саладағы білікті кадрларға деген қажеттіліктің туындауымен түсіндірілуі мүмкін.

Болашақ мұғалімдердің инновациялық трибология саласындағы идеяларын қалыптастыру қажеттілігі мен осы жағдайда бұл мәселені болашақ маманды даярлау процесіне трибологиялық идеяларды енгізудің әдістемелік базасы болмаған кезде дәстүрлі оқыту шеңберінде ғана шеше алмаудан туған қарама-қайшылық диссертациялық зерттеу тақырыбының өте өзекті екендігін көрсетеді.

Нуризинова Макпалдың диссертациялық жұмысы пәндердің кәсіби циклінде трибология саласында болашақ физика мұғалімін даярлау әдістемесін теориялық негіздеу және әзірлеумен байланысты. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы бар және зерттеу жұмысының ішкі бірізділігі мен байланысы толық сақталған.

Докторант алғаш рет жоғары оқу орындарында физика мұғалімін даярлауда трибология мәселелерін көрсету проблемасының жай күйіне талдау жүргізіліп, осы процесті оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу қажеттілігі, білім алушылар білімінің төмен деңгейі мен жүйесіздігін, әдістемелік әдебиеттерде енгізу көлеміне, оқыту құралдарына, сондай-ақ болашақ физика мұғалімін даярлауға трибологиялық тақырыпты енгізу ерекшеліктеріне

қатысты нақты ұсыныстардың жоқтығын анықтап, «Трибологияның физикалық негіздері» арнайы курсы әзірленді, атап айтқанда трибофизиканың көптеген бөлімдерін қарастыратын және болашақ мұғалімнің кәсіби қызметіне мүмкіндігінше жақын оның мазмұны таңдалды; трибология мәселелерін зерттеудегі қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін әдістемені жасап шығарды.

Диссертанттың зерттеу жұмысына қосқан үлесіне тоқталсақ, М. Нуризинова зерттеу жұмысы барысында тақырыпқа байланысты әдеби шолу жасап диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттеріне байланысты зерттеу әдістерін анықтап, тәжірибелік жұмысты толық орындады. Зерттеу нәтижелерін теориялық және практикалық тұрғыда талдап, диссертациялық жұмыс түрінде қорытындылады.

Нуризинова Мақпалдың ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми мақалалар, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, электронды оқу құралдары ретінде жарық көріп, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәліктермен расталып, оқу үрдісіне енгізу актілері алынды. Сонымен қатар, физика және технологиялар кафедрасының ғылыми семинарларында, IT және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі докторанттарының бірлескен ғылыми семинарларында баяндалды және С. Аманжолов атындағы ШҚО КЕАҚ ғылыми-техникалық кеңесінде талқыланды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында М. Нуризинова өзін жауапкершілігі жоғары, еңбекқор, кездескен мәселелерге байланысты өз бетінше шешім қабылдай алатын, зерттеуді алдын ала жоспарлаған тәртіп бойынша жүйелі түрде жүргізетін ғылыми ұстанымы айқын зерттеуші ретінде көрсете білді және ғылыми кеңесшінің ұсыныстарын мұқият орындады. Диссертациялық жұмыстың барлық міндеттері толық шешілді. Нуризинова Мақпалдың диссертациялық жұмысына қойылатын ескертулер мен кемшіліктері жоқ деп есептеймін.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді ескерсек, диссертациялық жұмыс көлемі, сенімділігі және ғылыми-практикалық маңыздылық деңгейі бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай толық зерттеліп, аяқталған. Осыған орай, Нуризинова Мақпал «8D01502 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын және диссертациялық жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын.

**Қазақстан Республикасының әл-Фараби
атындағы ғылым мен техника саласындағы
мемлекеттік сыйлық иегері,
С. Аманжолов атындағы ШҚУ,
физика және технологиялар
кафедрасының профессоры,
физика-математика ғылымдарының докторы**

М.К. Скаков

*М. К. Скаковтың қолдан расталған.
Т. М. Б. Маманов Нурзадаева Б. Ә. Т. Б.*

